

## ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ

<https://mycar.kz> сайты (бұдан әрі «Сайт» деп аталады) немесе [mycar.kz](https://mycar.kz) мобильді қолданбасын (бұдан әрі «Мобильді қолданба» деп аталады) пайдаланбай тұрып, осы Пайдаланушы келісімімен (бұдан әрі «Пайдаланушы келісімі» деп аталады) толық танысып шығуыңызды өтінеміз.

Осы Пайдаланушы келісімі жекелей «Тарап», ал бірге «Тараптар» деп аталатын сіз (бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталады) бен «MyCar Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі «MyCar» деп аталады) арасында Сайтты/ Мобильді қолданбаны пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

*Осы Пайдаланушы келісімінің шарттарын қабылдай отырып, Пайдаланушы келісімінің 1-бөлімінде көрсетілген Пайдаланушыға қойылатын талаптарға сәйкес келетініңізді растайсыз, Пайдаланушы келісіміне келісесіз және оны сақтауға міндеттенесіз.*

Сайтты және (немесе) Мобильді қолданбаны пайдалану, немесе Сайтта/Мобильді қолданбада орналастырылған ақпаратты пайдалану Пайдаланушының осы Пайдаланушы келісімінің барлық талаптарын толық әрі сөзсіз қабылдайтынын білдіреді. Егер Пайдаланушы келісімнің ережелерімен толықтай немесе оның қандай да бір бөлігімен келіспейтін болса, ол Сайтты және Мобильді қолданбаны пайдаланудан бас тартуы тиіс.

MyCar Пайдаланушы келісімін кез келген уақытта, Пайдаланушыны ескертпестен өзгерте алады. Егер MyCar басқаша көрсетпесе, Пайдаланушы келісімінің жаңа редакциясы Сайтқа орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Пайдаланушы келісімінің қолданыстағы редакциясымен тұрақты түрде танысып тұру – Пайдаланушының міндеті. Егер MyCar Пайдаланушы келісіміне Пайдаланушы келіспейтін қандай да бір өзгерістер енгізсе, Пайдаланушы Сайтты және Мобильді қолданбаны пайдалануды тоқтатуы тиіс.

Пайдаланушы келісімінің жаңа редакциясы күшіне енген соң Сайтты және (немесе) Мобильді қолданбаны пайдалану Пайдаланушының онымен толық көлемде келісетінін және жаңа редакцияның толық көлемі оған қолданылатынын білдіреді.

Осы Пайдаланушы келісімінің қолданыстағы редакциясы мына мекенжай бойынша қолжетімді: <https://mycar.kz/>

### 1. ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

<b>MyCar</b>	<a href="https://mycar.kz">https://mycar.kz</a> сайтының және <a href="https://mycar.kz">mycar.kz</a> мобильді қолданбасының иесі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін заңды тұлға, «MyCar Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
<b>Пайдаланушы</b>	<a href="https://mycar.kz">https://mycar.kz</a> сайтында және (немесе) <a href="https://mycar.kz">mycar.kz</a> мобильді қолданбасында Тіркеу процедурасынан өткен және/немесе <a href="https://mycar.kz">https://mycar.kz</a> сайтындағы кез келген ақпаратты пайдаланатын және/немесе Тауарды (көлік құралын) онлайн-бағалауға өтінім берген, 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын еңбекке қабілетті жеке тұлға. Пайдаланушы деп <a href="https://mycar.kz">https://mycar.kz</a> сайты және/немесе басқару интерфейсінің <a href="https://mycar.kz">mycar.kz</a> мобильді қолданбасын қолданатын ақырғы пайдаланушы да түсініледі.

<b>Сайт</b>	Портал ресурсы – ақпараттық жүйедегі ақпараттар мен зияткерлік меншік нысандарының жиынтығы (соның ішінде ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, деректер қоры, интерфейсті графикалық безендіру (дизайн) және т. б.), оған төмендегі мекенжайда орналасқан веб-беттерді (браузерді) қарауға арналған бағдарламалық құрал арқылы Интернет желісіне қосылған Пайдаланушының әртүрлі құрылғыларынан қол жеткізіледі: <a href="https://mycar.kz">https://mycar.kz</a> (соның ішінде осы мекенжайларға қатысты келесі деңгейдегі домендер), онда Сервис туралы ақпарат, соның ішінде Пайдаланушы келісімі орналастырылған, ол арқылы Пайдаланушыға MyCar және/немесе Жеткізушімен және/немесе Сатып алушымен өзара әрекеттесуге, Сайтта берілетін басқа да функцияларды іске асыруға мүмкіндік беретін Пайдаланушының жеке аккаунты жасалады.
<b>Мобильді қолданба</b>	Портал ресурсы – бағдарламалық құрал – Пайдаланушылардың iOS және Android мобильді құрылғыларында жұмыс істеуге арналған « <a href="https://mycar.kz">mycar.kz</a> » Мобильді қолданбасы, оны Пайдаланушы осындай құрылғыларға Сервис туралы ақпарат, соның ішінде Пайдаланушы келісімі орналасқан әртүрлі бағдарламалық платформалардың көмегімен орнатады немесе жүктейді, онда Пайдаланушыға MyCar және/немесе Жеткізушімен және/немесе Сатып алушымен өзара әрекеттесуге, Сайтта/Мобильді қолданбада берілетін басқа да функцияларды іске асыруға мүмкіндік беретін Пайдаланушының жеке аккаунты жасалады.
<b>Портал</b>	Сайт пен Мобильді қолданба жиынтығы, ол арқылы Сервистер Пайдаланушыларға аса тиімді көрсетіледі. Пайдаланушының барлық Портал ресурстарындағы Жеке кабинетті пайдалануға техникалық мүмкіндігі болған жағдайда, Пайдаланушының кез келген Портал ресурсының Жеке кабинетінде іске асырған әрекеттері, Порталдың басқа ресурсының Жеке кабинетінде автоматты түрде қайталаынады.
<b>Пайдаланушы келісімі</b>	осы Пайдаланушы келісімі, сондай-ақ Портал жұмысын регламенттейтін немесе Порталда жарияланған сервистерді пайдалану тәртібін белгілейтін басқа да қағидалар мен құжаттар.
<b>Сервистер</b>	Сайт/Мобильді қолданба Пайдаланушылары үшін қолжетімді функционалдық мүмкіндіктер, қызметтер, құралдар.
<b>«Қазір сату» сервисі</b>	Премиум серіктеске және/немесе Кредиттік ұйымға Пайдаланушының (Сатушының) көлік құралын сатып алуға мүмкіндік беретін, сондай-ақ Премиум серіктеске Премиум серіктестің құжаттары мен процедураларына сәйкес Пайдаланушының (Сатушының) көлік құралын Премиум серіктеске тиесілі көлік құралына (жаңа немесе жүрілген) айырбастауға мүмкіндік беретін Порталдың функционалдық опциясы.
<b>«Кредит беру» сервисі</b>	Сатып алушыға Серіктестерден, Премиум-серіктестерден және Сатушылардан Тауарларды сатып алуға кредит алу мүмкіндігін беретін Порталдың функциялық опциясы. Кредит беру шарттары мен MyCar автосалонының кредит беру қызметтерін көрсететін Серіктестерінің тізбесі Порталдың тиісті бөлімдерінде көрсетіледі.

<b>Жедел желі</b>	МуCar-ның Пайдаланушыларға ақпараттық қолдау көрсету, соның ішінде барлық келіп түскен өтініштерді өңдеу және Пайдаланушыларды хабардар ету желісі, 2525 телефон нөмірі арқылы қолжетімді.
<b>Байланыс орталығы</b>	МуCar-ның Жедел желі қызметін жүзеге асыратын бөлімшесі, 2525 телефон нөмірі арқылы қолжетімді.
<b>Аккаунт (есептік жазба)</b>	Сайтқа/Мобильді қолданбаға қол жеткізу және оны пайдалану мақсатында Сайтта және/немесе Мобильді қолданбада енгізетін және сақтайтын Пайдаланушы туралы есептік деректер жиынтығы. Пайдаланушының Сайтты және Мобильді қолданбаны пайдалануға техникалық мүмкіндігі болған жағдайда, Сайтта және Мобильді қолданбада құрылған Пайдаланушы аккаунттарының деректері қайталанатын.
<b>Жеке кабинет</b>	Пайдаланушының Сайттағы және/немесе Мобильді қолданбадағы парақшасы, онда Пайдаланушы, ол беретін мәліметтер туралы ақпарат және т. б. орналастырылатын болады.
<b>Тауар</b>	Сатушы, Серіктес және/немесе Премиум-серіктес Сайтта/Мобильді қолданбада оған қатысты Хабарландыру орналастыратын тауар, өнім, қызмет, жұмыс немесе (ақшаны, бағалы қағаздарды, төлем құжаттарын, айналымына тыйым салынған, айналымы шектеулі тауарларды қоспағанда) өзге ұсыныс. Тауар деп ҚР заңнамасының нормаларына сай келетін көлік құралдары, көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер айтылады. Қызметтер мен жұмыстар деп көлік құралдарына техникалық, сервистік, өзге қызмет көрсету, Сатып алушыларды кредит беру қызметтерін жүзеге асыру бойынша қызметтер мен жұмыстар айтылады. Портал арқылы Тауарды сатып алуға тек Сатып алушы құқылы. Сатушы, Серіктес және Премиум-серіктес Хабарландырулар орналастыра алатын Тауарлардың санаттылығы Пайдаланушы келісімінің 4.3.1-тармағында көрсетілген.
<b>Кредит ұйымы</b>	«МуCar Finance» МҚУ» ЖШС. Кредиттік ұйымның тиісті құжаттары мен процедураларында көрсетілген талаптар бойынша Пайдаланушыларға кредит беру қызметін көрсететін заңды тұлға.
<b>Серіктес</b>	Сайтта/Мобильді қолданбада Тауарды сатуға қатысты мәміле жасау ұсынысымен Хабарландыру орналастыратын және белгіленген тәртіпте Пайдаланушы ретінде тіркелген, Пайдаланушы келісімінің 9.1.2-тармағында көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келетін, белгілі бір жағдайларда Сайттың/Мобильдік қолданбаның қосымша функционалына рұқсаты бар жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға. Серіктеске қатысты осы Пайдаланушы келісімінің басқа Пайдаланушылар үшін белгіленген барлық қағидалары қолданылады.

<b>Премиум серіктес</b>	Пайдаланушы келісімінің 9.1.3-тармағында көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келетін Серіктес, ол Серіктеске берілген құқықтар мен Сервистерден басқа Пайдаланушыларға оның көлік құралын онлайн-бағалау қызметін көрсете алады, сондай-ақ Сатып алушының көлік құралын сатып алуды не Пайдаланушының көлік құралын жаңа немесе жүрілген көлік құралына айырбастауды («Қазір сату» сервисі) жүзеге асырады. Серіктеске қатысты осы Пайдаланушы келісімінің Серіктестер мен басқа Пайдаланушылар үшін белгіленген барлық қағидалары қолданылады.
<b>Автокөлікті тексеру</b>	Премиум-серіктес Портал арқылы өткізетін жүрілген көлік құралдарының техникалық және заңдық тексерісін жүзеге асыру түрінде Премиум-серіктес көрсететін қосымша сервис. Бұл көлік құралдарын техникалық тексеруге жүрілген көлік құралының шанағы мен салонын көзбен тексеру, сондай-ақ оны техникалық тексеру (қозғалтқыштың, БҚ, рульдің, тежеу жүйесінің және т.б. жұмысын тексеру) кіреді. Заңдық тексеруге көлік құралы ауыртпалықтарының (кепіл, тыйым салу және т.б.) жоқтығын тексеру кіреді. Премиум-серіктес тексерген жүрілген көлік құралы «prime» белгісімен белгіленеді. Премиум-серіктес Тексеру есебін ықтимал Сатып алушыға Премиум-серіктестің орналасқан орны бойынша береді; Премиум-серіктес тексерген көлік құралдары туралы пікірлермен Порталдың тиісті бөлімінде танысуға болады.
<b>Сатушы</b>	жеке тұлға – Сайтта/Мобильді қолданбада Тауарға қатысы мәміле жасасу ұсынысын берген және белгіленген тәртіппен Пайдаланушы ретінде тіркелген Пайдаланушы. Сатушыға қатысты осы Пайдаланушы келісімінің басқа Пайдаланушылар үшін белгіленген барлық қолданбалары қолданылады.
<b>Жеткізуші, Жеткізушілер</b>	Сатушы, Серіктес, Премиум серіктес, бірге аталғанда Кредит беру ұйымы.
<b>Сатып алушы</b>	Жеткізушіден және/немесе Сатушыдан Тауарды (соның ішінде қызметтер мен жұмыстарды) сатып алатын пайдаланушы.
<b>Хабарландыру</b>	Серіктес/Сатушы Сайтта/Мобильді қолданбада белгілі бір тұлғалар тобы үшін орналастыратын Тауарды сату туралы ұсынысы бар ақпараттық хабарлама (соның ішінде байланыс ақпараты, фотосуреттер және кез келген ілеспе ақпарат).
<b>онлайн бағалау</b>	Премиум серіктес немесе Кредит ұйымы Пайдаланушы (Сатушы) ұсынған мәліметтер негізінде Премиум серіктес немесе Кредит ұйымы белгілеген бағалау критерийлеріне сәйкес, Премиум серіктес Сайтында және Премиум серіктес процедураларында көрсетілген алгоритмге сәйкес Пайдаланушыдан (Сатушыдан) көлік құралын сатып алу немесе Пайдаланушы (Сатушы) көлік құралын Премиум серіктеспен айырбастау мүмкіндігімен Премиум серіктес немесе Кредит ұйымы жүзеге асыратын Пайдаланушының (Сатушының) көлік құралын бағалау.
<b>Пайдаланушыны тіркеу /</b>	Порталда көрсетілген нұсқаулықтарға сәйкес Пайдаланушының іс-әрекеттерінің жиынтығы, соның ішінде Порталдың жеке Сервистеріне қол жеткізу мақсатында пайдаланушы

	интерфейсінің арнайы формасын пайдалану арқылы Пайдаланушы жасайтын есептік деректерін және басқа ақпаратты ұсыну.
<b>Пайдаланушыны тексеру</b>	Пайдаланушы өзінің жеке Аккаунтына кірген кезде оның есептік деректерін тексеру процесі.
<b>Мәліметтер</b>	Сайтты/Мобильді қолданбаны пайдалануға байланысты Пайдаланушы ұсынатын кез келген материалдар мен ақпарат, соның ішінде жеке мәліметтер, хабарландырулар, түсініктемелер.
<b>Күпиялылық саясаты</b>	Сайтта және Мобильді қолданбада орналастырылған, Сайт Сервистеріне кіру рұқсатын беру үшін Пайдаланушы туралы ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді алу, өңдеу және сақтау мақсатын, тәсілдерін және тәртібін реттейтін құжат.
<b>Қолданылатын заңнама, заңнама</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасы.
<b>Түсіндірме</b>	Осы Пайдаланушы келісімінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>• контекст басқаны талап етпесе, жекеше түрдегі терминдер көпше түрді қамтиды және керісінше;</li> <li>• белгілі бір тармақшаның, тармақтың, бөлімнің, қосымшаның сілтемесі осы Пайдаланушы келісімінің осындай көрсетілген тармақшасының, тармағының, бөлімінің, қосымшасының сілтемесі болып түсіндіріледі;</li> <li>• тақырыптар тек сілтеменің ыңғайлылығы үшін қосылған және осы Пайдаланушы келісімінің түсіндірмесіне әсер етпейді;</li> <li>• «Заңнамаға» кез келген сілтеме Қазақстан Республикасы заңнамасына сілтемені білдіреді, бұл «Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ-да белгіленген.</li> </ul>

## **2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**2.1.** Осы Пайдаланушы келісімі Сайттың/Мобильді қолданбаның барлық Пайдаланушыларына қолданылады Сайттың/Мобильді қолданбаның материалдарын пайдалану, Пайдаланушылардың Сайтта/Мобильді қолданбада тіркелу, көлік құралын онлайн бағалауға өтінім беру фактісі олардың осы Пайдаланушы келісімімен еш шектеусіз толық көлемде келісетінін растайды.

**2.2.** MyCar Пайдаланушыға Сайтта және Мобильді қолданбада Тауарларды сататын жеткізушілерден тауарларды таңдау және сатып алу мақсатында немесе тауарды сату мақсатында Сайтты және Мобильді қолданбаны пайдалану мүмкіндігін береді.

**2.3.** Сайттағы/Мобильді қолданбадағы және оның бөлімдеріндегі бағаларға, сипаттамаларға, тауарлардың бар болуына қатысты барлық мәліметтер мен деректер және Жеткізушіден тауарларды таңдау және сатып алу мәселелері бойынша өзге де ақпарат және т.б. ақпарат беруге арналған және MyCar-ның жария офертасы болып табылмайды.

**2.4.** Жеткізушіден немесе Сатушыдан сатып алынатын Тауарға қатысты наразылықтарды, өтініштерді, ескертпелерді Сатып алушылар тиісінше Жеткізушіге немесе Сатушыға жолдайды. Тауардың сапасына, бағасына, бар болуына, жеткізу шарттарына, Тауарды тапсыру процедурасына байланысты барлық даулар MyCar автосалонының қатысуынсыз, Сатып алушы мен Жеткізуші/Сатушы арасында өз бетімен шешіледі. MyCar автосалонының жауапкершілігі мен міндеттері заңнамада және MyCar автосалоны мен Пайдаланушы арасында жасалған шарттарда көзделген жауапкершілікпен шектеледі.

**2.5.** MyCar Пайдаланушы келісімін (соның ішінде оның кез келген бөлігін) қандай да бір арнайы ескертусіз өзгерте алады. Пайдаланушы келісімінің жаңа редакциясында басқаша көзделмесе, Пайдаланушы келісімінің жаңа редакциясы Сайтқа, Мобильді қолданбаға

орналастырылған сәттен бастап немесе Пайдаланушының назарына басқа ыңғайлы тәсілмен жеткізілген сәттен бастап күшіне енеді.

**2.6.** Пайдаланушы MyCar және/немесе үшінші тұлғаларға зиян келтіру мақсатында қолданыстағы заңнама талаптарын, осы Пайдаланушы келісімінің талаптарын, ал Қосылу шартын жасасқан жағдайда – Қосылу шартының талаптарын бұзып, Сайттың және Мобильді қолданбаның Сервистерін пайдаланбайтынына кепілдік береді.

### **3. ПАЙДАЛАНУШЫНЫ САЙТТА/МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАДА ТІРКЕУ**

**3.1.** Пайдаланушы Сайттың және Мобильді қолданбаның Сервистеріне қол жеткізу мақсатында тіркеу формасын толтыру бойынша бірқатар бірізді әрекеттерді орындауға, соның ішінде есептік деректер (логин мен құпиясөз) мен өзге ақпарат беруге міндеттенеді, соның нәтижесінде Пайдаланушы үшін бірегей есептік жазба (Аккаунт) жасалады.

**3.2.** Кез келген Пайдаланушының Сайтта және Мобильді қолданбада тек бір Аккаунты болуы шарт, бір телефон нөміріне тек бір Аккаунтты байланыстыруға болады. Пайдаланушы осы қағиданы бұзған жағдайда MyCar Пайдаланушының Аккаунтын (соның ішінде Жеткізушілердің Аккаунт(тар)ын) блоктап тастауға немесе Пайдаланушының Сайттағы функциялық мүмкіндіктерді пайдалану мүмкіндігін және/немесе осындай пайдалану талаптарын шектеуге және/немесе Пайдаланушы аккаунтын жоюға құқылы.

**3.3.** Жеткізуші ретінде тіркелу үшін Сайтта тіркелу процедурасынан өткен Пайдаланушы бірқатар әрекеттерді орындауы қажет (толығырақ — <https://mycar.kz/cars>).

**3.4.** Тіркелу кезінде Пайдаланушы тіркеу формасында өзі туралы шынайы, нақты және толық ақпаратты беруге және кейін осы ақпаратты өзекті күйде сақтауға міндеттенеді. Бұл ақпарат өзгерген жағдайда, Пайдаланушы қысқа уақыт ішінде оны өзгертуге міндеттенеді.

**3.5.** Пайдаланушы өзі туралы берген ақпаратты MyCar кез келген жағдайда тексеруге құқылы, бірақ міндетті емес екендігімен Пайдаланушы келіседі.

**3.6.** Тіркеу аяқталғаннан кейін MyCar автосалоны Пайдаланушыға құқықтардың келесі көлемі бар Жеке кабинетке кіруге рұқсат береді:

- түсініктемелерді жариялау құқығы;
- Хабарландыруларды орналастыру құқығы;
- Сервистерді пайдалану және Жеткізушілерден/Сатушыдан Тауарларды сатып алу құқығы; Құқықтардың осы көлемі Сатып алушылар және/немесе Сатушылар ретіндегі Пайдаланушыларға ғана беріледі. Пайдаланушы-Жеткізушілерге (Пайдаланушы – Жеткізуші жұмыскерлеріне) берілетін құқықтардың көлемі Жеткізушімен жасасқан тиісті келісімде көрсетіледі.

**3.7.** Егер Пайдаланушы өзі туралы жалған ақпарат берсе немесе MyCar компаниясының Пайдаланушы өзі туралы берген ақпарат дұрыс емес, толық емес, дәл емес, осы Пайдаланушы келісімінің шарттарын бұзады немесе Пайдаланушы басқа адамның ақпаратын пайдаланады деп пайымдауға негізі болса, MyCar Сайттың/Мобильді қолданбаның барлық немесе кейбір мүмкіндіктеріне Пайдаланушының кіру мүмкіндігін шектеуге, Пайдаланушының Аккаунтын блоктауға немесе жоюға құқылы.

**3.8.** MyCar Пайдаланушыдан кез келген уақытта Пайдаланушы өзі туралы берген ақпаратты растауды талап ету және осыған байланысты растаушы құжаттарды (көбінесе, жеке басты куәландыратын құжатты) сұрату құқығын өзінде сақтап қалады. Аталған құжаттар ұсынылмаған жағдайда немесе Пайдаланушы ұсынған құжаттарда көрсетілген ақпарат Пайдаланушының Сайтта/Мобильді қолданбада көрсеткен өзі туралы ақпаратқа сәйкес келмесе, сондай-ақ Пайдаланушының Сайтта/Мобильді қолданбада көрсеткен өзі туралы ақпараты оны сәйкестендіруге мүмкіндік бермесе, MyCar өз қалауы бойынша Пайдаланушы келісімінде көзделген шараларды қолдана алады.

**3.9.** Пайдаланушы өз логині мен құпиясөзін үшінші тұлғаларға жария етпеуге, бермеуге, сондай-ақ оның логині мен құпиясөзі үшінші тұлғаларға қол жетімді болмауы үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті болады. Пайдаланушы өз құпиясөзінің сақталуына,

сондай-ақ оны рұқсатсыз және/немесе басқаша қолдану нәтижесінде туындауы ықтимал барлық салдарлар үшін өзі жауапты болады. Пайдаланушы логині мен құпиясөзі пайдаланылып, Сайтта/Мобильді қолданбада рұқсатсыз (Пайдаланушы рұқсат етпеген) авторизация туралы және/немесе өз құпиясөзінің құпиялылығы бұзылған (бұзушылық туралы күдік) кез келген жағдай туралы МуСар компаниясына дереу хабарлауға міндетті.

**3.10.** Сатушы Хабарландыруды орналастырған кезде, ол МуСар компаниясына Сайтқа кірушілердің санын арттыру қызметін көрсетеді, бұл Хабарландыруды қарау санымен белгіленеді. Сатушы қызметінің құны және МуСар Сервистерге кіру рұқсатын беру құны – 0,01 теңгеге тең, төлем ақшалай қаражаттың төлем шоттардағы қозғалысынсыз айырбас түрінде жүргізіледі, Сатушы тарапынан қызметтің орындалуын растау фактісі – кез келген Пайдаланушының хабарландыруды қарауы, МуСар компаниясының Сатушыға Сервистерге кіру рұқсатын беру фактісі – Пайдаланушыға логин мен құпиясөзді беруі. Тараптар қызмет көрсету фактісін растайтын қандай да бір құжатқа қол қою қажет емес деген келісімге келді.

#### **4. МӘЛІМЕТТЕР. МӘЛІМЕТТЕРДІ ЖАРИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**4.1.** Хабарландырулар орыс немесе қазақ тілдерінде қабылданып жарияланады. Орыс тіліндегі сипаттамасы болған жағдайда, басқа тілдегі қосымша ақпараттың болуына жол беріледі.

**4.2.** Хабарландыру Сайтқа/Мобильді қолданбаға жарияланған сәттен бастап 24 сағат ішінде МуСар оның мазмұнының дұрыстығын және осы Пайдаланушы келісіміне сәйкестігін тексереді. Тексеруден өткен және оң нәтижелер алған жағдайда МуСар Хабарландыруды жариялайды. Бұл ретте Хабарландыруды тексеру МуСар міндеттеріне кірмейді, осыған байланысты Пайдаланушы келісіміне сәйкес келмейтін Хабарландыруды жариялаған Пайдаланушының МуСар тексеруді жүзеге асырмады және/немесе тексеруді тиісті түрде жүзеге асырмады деп сілтеуге құқығы жоқ. Пайдаланушы Хабарландырудың мазмұны үшін жеке өзі толық жауапты болады.

**4.3. Хабарландыруды жариялағанда Сатушы/Серіктес/Премиум серіктес келесі қағидаларды сақтауға міндеттенеді:**

**4.3.1. Сатушы/Серіктес/Премиум серіктес келесі санаттағы Тауарлардың Хабарландыруын орналастыруға құқылы:**

- Сатушы өзіне меншік құқығы бойынша тиесілі көлік құралын сату туралы Хабарландыруды ғана орналастыруға құқылы.
- Серіктес көлік құралдарын, көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектерді сату, көлік құралдарына техникалық, сервистік, өзге де қызмет көрсетуді және жұмыстар жүргізуді жүзеге асыру туралы Хабарландырулар орналастыруға құқылы.
- Премиум серіктестер Сатып алушыларды кредиттеу қызметтерін көрсету, Сатып алушыға Премиум серіктес сатып алатын көлік құралын онлайн-бағалау қызметтерін көрсету мүмкіндігімен, Сатып алушылардың көлік құралдарын сатып алу немесе айырбастау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы Хабарландыруларды орналастыруға құқылы.

**4.3.2.** Хабарландыру ұсынылатын Тауар туралы барынша толық ақпаратты қамтуы шарт.

**4.3.3.** Бір хабарландыруда бір Тауарға ғана қатысты ақпарат болуы керек.

**4.3.5.** Тауар туралы ақпарат шынайы болуы керек.

**4.3.6.** Тауардың түрін көрсететін суреттер (фотосуреттер) Хабарландыру мазмұнына сай болуы керек. Суретте сатуға қойылған Тауар ғана бейнеленуі керек, Тауар Хабарландыру орналастыру уақытындағы күйінде болуы керек.

**4.3.7.** Тауардың сатылатын соңғы құнын көрсету керек. Осы тармақтың ережелері «Тез сату» Сервисі аясында көлік құралын сатып алатын немесе айырбастайтын Премиум серіктеске қолданылмайды.

**4.4. Хабарландыруды орналастыру кезінде Серіктеске/Премиум серіктеске/Сатушыға тыйым салынатын жағдайлар:**

- бөгде тұлғалардың суреттерін (мысалы, өндірушілердің ресми сайттарынан алынған фотосуреттерді), сондай-ақ бұрын Сайтта басқа Пайдаланушылар жариялаған және т.с.с. суреттерді құқық иелерінің тиісті құқықтары мен рұқсаттарысыз пайдалану;
- Тауарды сатып алу туралы хабарландыруларды орналастыру;
- Хабарландыруларға қоса берілетін фотосуреттерде немесе бейнематериалдарда Хабарландыруда көрсетілген тауарға қатысы жоқ тауар белгілерін, фирмалық атауларды және үшінші тұлғалардың коммерциялық белгілерін, кез келген жарнамалық немесе байланыс ақпаратын (телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайларды, графикалық жазбаларды және суреттерді және т. б.) орналастыру;
- Тіркеу кезінде көрсеткен нөмірге сәйкес келмейтін байланыс телефонының нөмірін көрсету;
- үшінші тұлғаларға сату туралы келісім жасалған және алдын ала төлем немесе кепілпұл енгізілген Тауарларды сату туралы Хабарландыруларды орналастыру;
- хабарландыруда мәлімделген Тауарды сатудан гөрі мазмұны өзге мақсатты көздейтін хабарландыруларды, соның ішінде Сатушының/Серіктестің/Премиум серіктестің немесе үшінші тұлғалардың өзге тауарларының/қызметтерінің айқын немесе жасырын жарнамасы бар хабарландыруды не үшінші тұлғалардың тауарларының/қызметтерінің беделіне нұқсан келтіретін ақпаратты және т.б. орналастыру;
- Хабарландыру мазмұнына басқа сайттарға өтетін сілтемелер немесе электрондық пошта мекенжайларын қосу;
- телефондарды, мекенжайларды, QR-кодтарды, әлеуметтік желілердегі аккаунттардың атауларын және оларға өтетін сілтемелерді, хэштегтерді және т. б. көрсету.
- меншік құқығын Сатып алушыға беріп, иеліктен шығару ниетінсіз Тауарды сату туралы Хабарландыруды орналастыру;
- үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын тауарларды, оның ішінде зияткерлік меншік нысандарына, кепілге салынған, тыйым салынған тауарларды, үшінші тұлғалардың талап-арыздарының нысаны болатын тауарларды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіп төндіретін тауарларды сату туралы Хабарландыруларды орналастыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы жарнама материалдарына қоятын жалпы және арнайы талаптарға сай келмейтін Хабарландыруларды орналастыру;
- MyCar және/немесе оның үлестес тұлғаларымен бәсекелес компаниялардың, ұйымдардың немесе сауда нысандарының тікелей немесе жанама жарнамасы бар Хабарландыруларды орналастыру;
- Пайдаланушы келісімінің 4.8., 4.13.-4.15. тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтау.

#### **4.5.Келесі тауарларды сату туралы Хабарландыруды орналастыруға тыйым салынған:**

- қылмыстық жолмен (ұрлау, Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз кіргізу және т. б. арқылы) алынған тауарлар;
- айналымнан шығарылған тауарлар, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес айналымына тыйым салынған немесе шектелген тауарлар;
- айналымы үшінші тұлғалардың өздеріне тиесілі зияткерлік қызмет нәтижелерінің және даралау құралдарының авторлық және/немесе сабақтас құқықтарын бұзатын тауарлар;
- жеке куәліктер мен мемлекеттік белгілер.

#### **4.6.Пайдаланушы келісім ережелерін Пайдаланушы бұзған жағдайда, MyCar оны хабардар етпей және оған қандай да бір санкцияларды қолданбастан оның Хабарландыруын жоюға, сондай-ақ оның Аккаунтын блоктауға құқылы.**



**4.7.**Хабарландыруға барлық тіркелген Пайдаланушылар түсініктеме беруге құқылы. Хабарландыруға берілген түсініктемелер осы Пайдаланушы келісіміне, белгіленген тақырыпқа сай болуы тиіс әрі олар үнемі Пайдаланушының жеке пікірі болып табылады.

**4.8. Пайдаланушы түсініктемелерді жариялағанда тыйым салынатын жағдайлар:**

- осы Пайдаланушы келісіміне сәйкес Сайтта/Мобильді қолданбада орналастыруға тыйым салынған ақпаратты орналастыру;
- жалпыға бірдей моральдік және әдеп нормаларын бұзатын, сондай-ақ қандай да бір жолмен Пайдаланушыларды, Жеткізушілерді, МуСар компаниясын қорлайтын «никтерді» (лақап аттарды) пайдалану;
- басқа Пайдаланушыларды қандай да бір жолмен адастыру, соның ішінде басқа пайдаланушыларды жаңылыстыратын, арнайы функцияларды орындатуды көздейтін (МуСар, Қолдау көрсету қызметі, билік органдарының өкілдері, мемлекеттік құрылымдардың ресми тұлғалары және т.б.) «никтерді» (лақап аттарды) пайдалану, соның ішінде аталған тұлғалардың «никтеріне» (лақап аттарына) ұқсас «никтерді» (лақап аттарды) пайдалану;
- жарнамалық сипаттағы материалдарды, сондай-ақ сондай материалдарға берілген сілтемелерді орналастыру;
- автор айтқан хабарламаның пікірін растау тәсілі болмаған және хабарламаға көбірек ақпарат беру болмаған жағдайда, басқа сайттарға өткізетін сілтемелерді жариялау;
- МуСар әрекеттерін көпшілік алдында талқылау. МуСар-ға жолданған барлық наразылықтар жеке хабарламалар арқылы жіберіледі;
- мәні жоқ хабарламаларды орналастыру;
- Тауарларды, басқа да материалдық құндылықтарды сатып алу/сату туралы хабарландыруды орналастыру.

**4.9.** МуСар түсініктемелердің мазмұны, олардың қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмегені, Пайдаланушылар орналастыратын материалдардың дұрыстығы, ақпарат пен суреттердің сапасы үшін жауап бермейді. Сайтта/Мобильді қолданбада орналастырылған барлық материалдар тек авторларының пікірін білдіреді және МуСар оны құптамауы мүмкін.

**4.10.** Егер Пайдаланушы өзінің түсініктемесіне басқа сайттан алынған ақпаратты қосса, ол сол сайттың (жарияланым авторының) осындай таратуға тыйым салмағанын өзі тексеруі тиіс. Бұл жағдайда дәйексөз алынған сайттың мекенжайын міндетті түрде көрсету керек. Сілтемелер мен ақпаратты заңсыз орналастыру, авторлық құқықты бұзу жауапкершілігі толығымен Пайдаланушының мойнында болады.

**4.11.** Сайтта/Мобильді қолданбада Пайдаланушылардың түсініктемелері қазақ және/немесе орыс және/немесе ағылшын тілдерінде берілуі тиіс.

**4.12.** Пайдаланушы Сайтта/Мобильді қолданбада кез келген материалды және ақпаратты орналастырғанда, осы материалдар мен ақпаратты беру үшін барлық қажетті құқықтары бар екеніне кепілдік береді. Егер Пайдаланушының Сайтқа мәліметтерді орналастыру үшін тиісті құқықтары болмаса, онда Пайдаланушы мұндай мәліметтерді орналастырмауға міндеттенеді.

**4.13. Сайтқа/Мобильді қолданбаға мәліметтерді орналастыру кезіндегі Пайдаланушының міндеті:**

**4.13.1.** Төмендегі ақпаратты Сайтқа/Мобильді қолданбаға орналастырмау және Сайт/Мобильді қолданба арқылы ешқандай жолдамау:

- қолданыстағы заңнаманы бұзуға, соның ішінде ҚР конституция құрылымын күштеп өзгертуге, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, лаңкестік актіні жасауға, ҚР Президентінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға және оның қызметіне кедергі жасауға бағытталған және т.б. іс-әрекеттерді жасауға итермелейтін ақпарат;
- балағаттап сөйлеу, қорлау және/немесе қорқыту, оның ішінде билік өкілдерін қорлау;;

- көрінеу жалған мәліметтер;
- қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын шығармалар, порнографиялық материалдар;
- жала жабатын, қорлайтын, басқа Пайдаланушылардың, үшінші тұлғалардың аранамысын және/немесе қадір-қасиетін кемсітетін/қорлайтын, қауіп төндіретін ақпарат;
- үшінші тұлғаларға зиян келтіруді көздейтін ақпарат;
- азаматтардың жеке өмірі мен қоғамдық тәртіп құқықтарын бұзатын ақпарат;
- адамдарды нәсілдік, этникалық, жыныстық, діни белгілері, әлеуметтік мәртебесі, жыныстық бағдары немесе өзге де белгілері бойынша кемсітуді насихаттайтын ақпарат;
- конституция құрылымын өзгертуге, соғысты, діни, нәсілдік немесе ұлтаралық алауыздықты бастауға шақыратын, араздықты қоздыру немесе зорлық-зомбылыққа шақыру әрекеттерін қамтитын экстремистік материалдары бар ақпарат;
- порнографиялық материалдарды немесе адамгершілікті қорлайтын басқа да материалдарды қамтитын ақпарат;
- азаматтардың діни сезімдерін қорлайтын ақпарат;
- Сайттың жасалған мақсаттарына сай келмейтін әлдекімнің мүддесі үшін жасалған ақпарат, яғни «тапсырыс берілген» сипаттағы ақпарат;
- Хабарландыруды орналастыру жағдайынан басқа, коммерциялық сипаттағы ақпарат;
- мазмұны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық заңнамаға және осы Пайдаланушы келісіміне қайшы келетін басқа интернет-ресурстарға сілтемелер;
- зияткерлік меншік туралы заңнамамен қорғалатын үшінші тұлғалардың (оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, қандай да бір патентке, тауар белгісіне, авторлық және/немесе олармен сабақтас құқықтарға қатысты) мәліметтері және осындай ақпараттың құқық иесінен тиісті құқықтар мен рұқсаттар алынбаған заңмен қорғалатын өзге де ақпарат;
- Сайттың ұсынылған тақырыбы мен мақсаттарына, оларға көрсетілетін қызметтерге және/немесе оның бөлімдерінің тақырыбына қатысы жоқ ақпаратты, соның ішінде хабарландыруда сатылатын Тауардың сипаттамасына тікелей байланысы жоқ, оның ішінде қандай да бір үшінші тұлғаларға қатысты ақпаратты, сондай-ақ әзілдік, жәбірлегіш, арандатқыш, жеке басқа қатысты, насихаттау сипатындағы және тағы басқа ақпарат;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Пайдаланушы келісіміне сәйкес келмейтін немесе таратуға/орналастыруға тыйым салынған өзге де ақпарат;

**4.13.2.** Сайт/Мобильді қолданба арқылы кез келген компьютерлік немесе телекоммуникациялық жабдықты бұзуға, түрлендіруге, жоюға, блоктауға немесе функциясын шектеуге арналған компьютерлік кодтарды, файлдарды немесе бағдарламаларды (не олардың сілтемелерін) немесе рұқсатсыз кіруге арналған бағдарламаларды, сондай-ақ коммерциялық бағдарламалық өнімдердің сериялық нөмірлерін және оларды генерациялауға арналған бағдарламаларды, логиндерді, құпиясөздерді және Сайтқа, сондай-ақ Интернет желісіндегі ақылы ресурстарға рұқсатсыз кіруге арналған өзге де құралдарды таратпау;

**4.13.3.** Сайтта және/немесе Сайт арқылы, оның ішінде түсініктемелер арқылы спамды, «бақыт хаттарын», интернет арқылы табыс табу жүйесін, «пирамида» схемаларын, көп деңгейлі маркетингті, e-mail-бизнесті таратпау;

**4.13.4.** басқа нақты тірі немесе қайтыс болған адамның атынан Сайтта тіркелмеу және іс-әрекет жасамау, үшінші тұлғалардың дербес ақпаратын көрсетпеу, үшінші тұлғалардың заңсыз өкілі болу әрекетінің кез келген түрі мен тәсілдерін қолданбау;

**4.14.** Мәліметтерді Сайтта/Мобильді қолданбада орналастыра отырып, Пайдаланушы мәліметтердің мазмұнына және оларды орналастыру фактісіне жауапты екенін, осы үшін қажетті барлық құқықтары мен өкілеттіктері бар екенін растайды. Мәліметтерді орналастыра отырып, Пайдаланушы мұндай ақпарат, соның ішінде Пайдаланушы көрсеткен байланыс деректері, Тауар деректері бүкіл әлем бойынша адамдардың шектелмеген тобына қолжетімді болатынымен келіседі. MyCar Мәліметтер Сайттың функциясы мақсатында ғана пайдаланылатынына кепілдік бермейді, сондай-ақ үшінші

тұлғалардың Мәліметтерді Сайтты пайдалануға байланысы жоқ мақсаттарда көшіруі және өңдеуі бойынша іс-әрекеттері үшін жауапты емес.

**4.15.** Мәліметтерді Сайтқа орналастыра отырып, Пайдаланушы MyCar компаниясының қалауы бойынша осында мәліметтерді бүкіл әлем аумағында шексіз мерзімде пайдалануға, соның ішінде, бірақ олармен шектелместен, мұндай мәліметтерді кез келген заңды жолмен (ішінара немесе толық) қайта шығаруға, көшіруге, іріктеуге, жүйелеуге, өзгертуге, өңдеуге, аударуға, сондай-ақ эфирге және кабель арқылы таратуға MyCar компаниясына автоматты түрде тегін, шартсыз және қайтарымсыз түрде айрықша емес құқық береді. Сонымен бірге Сайтқа Мәліметтерді орналастыра отырып, Пайдаланушы MyCar компаниясына жоғарыда көрсетілген орналастырылған Мәліметтерді пайдалануға айрықша емес құқықты ұсыну үшін тиісті құқықтары мен өкілеттіктері бар екенін растайды. Осындай пайдалану кезінде MyCar тиісті Мәліметтерді автордың атын көрсетіп те және автордың атын көрсетпей де пайдалануға құқылы (бұл ретте автордың аты ретінде Сайтта немесе Аккаунттың баптауларында өзі көрсеткен мәліметтерді орналастырған Пайдаланушының аты не логині көрсетіледі). Сайт әкімшілігі осы тармақта көрсетілген құқықтарды үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

**4.16.** MyCar Пайдаланушылардың Сайтқа орналастырған Мәліметтерінің дұрыстығына және заңдылығына жауапты емес.

**4.17.** MyCar Пайдаланушы Сайтқа орналастыратын Мәліметтердің барлығын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Пайдалану келісімі ережелеріне сәйкес болуына тексермейді және ол үшін техникалық және нақты мүмкіндігі жоқ, өйткені мұндай тексеру Сайттың жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Алайда MyCar мұны өз қалауы бойынша кез келген уақытта жасауға құқылы.

**4.18.** Даулы жағдай орын алған кезде Пайдаланушы орналастырған мәліметтер әлдекімнің құқықтарын бұзбайтынын дәлелдеу ауыртпалығы Пайдаланушының мойнында болады.

**4.19.** MyCar өз қалауы бойынша, себептерін түсіндірместен, Пайдаланушы Сайтқа орналастырмақ болған/орналастырған кез келген мәліметті орналастырудан бас тартуы, жоюы мүмкін.

**4.20.** Мәліметтерді MyCar және/немесе оның үлестес тұлғалары, MyCar компаниясының және/немесе оның үлестес тұлғаларының өзге де сервистері мен қолданбаларында, сондай-ақ жарнамалық немесе маркетингтік материалдарда басқа пайдаланушылардың назарын мәліметтерге, тұтастай Сайтқа немесе MyCar компаниясының және/немесе оның үлестес тұлғаларының өзге де қолданбалары мен сервистеріне аударту үшін пайдалануға құқылы. Бұл ретте Пайдаланушы MyCar және/немесе оның үлестес тұлғалары мұндай Мәліметтерді қарауға міндетті емес, ал оларды көрсетілген тәсілдермен аталған мақсаттар үшін пайдалану бағдарламалық құралдар арқылы автоматты түрде жүзеге асырылуы мүмкін екенін мойындайды және онымен келіседі. Егер Пайдаланушы Мәліметтерді осындай тәсілмен пайдалану құқығын беруге құқылы болмаса, ол Мәліметтерді орналастырмауы тиіс.

## **5. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ**

**5.1.** MyCar компаниясының сот тәртібінде белгіленген залал келтіру кінәсі болған жағдайда, MyCar жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 350-бабына сәйкес құжатпен расталған нақты залалмен шектеледі, бұл ретте дәлелдеу ауыртпалығын Пайдаланушы көтереді.

**5.2.** MyCar Пайдаланушыға Сайттың және Мобильді қолданбаның сервистерін, соның ішінде Сайтта және (немесе) Мобильді қолданбада «бар қалпында» ақпаратқа кез келген түрде кепілдіксіз қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады.

### **5.3. MyCar жауапкершілік көтермейтін жағдайлар:**

- үшінші тұлғалар Сайтты және Мобильді қолданбаны Пайдаланушы құрылғысынан қолданғаны үшін, осыған байланысты Пайдаланушы құрылғысынан жасалған барлық әрекеттер Пайдаланушының әрекеті болып саналады;

- Сайттың/Мобильді қолданбаның жылдамдығы мен үздіксіз жұмыс істеуі, олардың Пайдаланушының құрылғысындағы бағдарламалық құралмен және операциялық жүйемен үйлесімділігі үшін;

- Сайттың/Мобильді қолданбаның жұмысы кезінде қателердің және/немесе вирустардың болуы, магистральді байланыс арналары, деректер алмасу орталықтары, есептеу орталықтары, сондай-ақ өңірлік және жергілікті маңызы бар байланыс желілері деңгейінде байланыс арналарының үзілуі және серверлік инфрақұрылымның істен шығуы, телекоммуникациялық және/немесе энергетикалық желілердегі ақаулар салдарынан өз міндеттемелерін орындамау не тиісінше орындамау, сондай-ақ үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруге және/немесе Сайтты/Мобильді қолданбаны істен шығаруға бағытталған теріс әрекеттері үшін;

- Пайдаланушы құрылғысының дұрыс жұмысы үшін;

- Сайт/Мобильді қолданба сервистері Пайдаланушы үміттерін ақтамағаны үшін;

- Пайдаланушылардың Сайттағы/Мобильді қолданбадағы әрекеттері үшін және Пайдаланушылардың Сайтты/Мобильді қолданбаны пайдалану салдары үшін.

Пайдаланушы Сайтты және (немесе) Мобильді қолданбаны тек өз тәуекелімен пайдаланатынына келіседі және растайды.

**5.4.** Егер Пайдаланушы құрылғысы Сайттың және (немесе) Мобильді қолданбаның көрсетілуін және (немесе) жұмысын, Сайттың және (немесе) Мобильді қолданбаның қандай да бір Сервистерін жүктеуді, көрсетуді қолдамаса, MyCar тиісті ресурстарға кіруді және оларды пайдалану/толық пайдалану мүмкіндігіне кепілдік бермейді.

**5.5.** MyCar өзіне тәуелді емес себептерге, оның ішінде үшінші тұлғалардың кінәсінен, сондай-ақ еңсерілмейтін күш жағдайларына байланысты туындаған Пайдаланушылардың төлемдерін қабылдау мен аударуды қамтамасыз ететін төлем жүйелерінің дұрыс жұмыс істемегені және/немесе уақытша жұмыс істемегені үшін жауапты емес.

**5.6.** MyCar Пайдаланушы келісімінің шарттарын еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары әсерінен туындаған болса, басқаларының ішінде: сервистердің жұмысына, MyCar міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін мемлекеттік билік органдарының әрекеттері мен шешімдері, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да дүлей апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютер желісі жұмысының ақаулары, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер және осы Пайдаланушы келісімінің шарттарын MyCar орындауына әсер етуі мүмкін кез келген басқа да жағдайлардың салдарынан бұзғаны үшін жауапты болмайды.

**5.7.** Егер Пайдаланушының әрекетінен/әрекетсіздігінен, соның ішінде Пайдаланушының қате әрекеттеріне байланысты MyCar өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

**5.8.** Сайтта/Мобильді қолданбада Пайдаланушыға Сатушылар/Серіктестер/Премиум серіктестер және/немесе үшінші тұлғалар ақылы және/немесе тегін ұсынатын Тауарлар (өнімдер және / немесе қызметтер) ұсынылуы мүмкін. MyCar Сатушы, Серіктес, Премиум серіктес, Тауарды ұсыну бойынша қарым-қатынастардың қатысушысы емес және Тауарды ұсыну және оның сапасы үшін Пайдаланушы/Сатып алушы және/немесе Жеткізушілер, үшінші тұлғалар алдында жауапты емес.

**5.9.** MyCar Жеткізушілер, Пайдаланушылар орналастырған үшінші тұлғалардың сайттарының, қолданбаларының және басқа ресурстарының сілтемесінің мазмұны үшін жауапты емес.

**5.10.** Кез келген сайтқа, қолданбаға, ресурсқа, өнімге немесе қызметке берілген сілтеме, Сайтта/Мобильді қолданбада Жеткізуші, Пайдаланушы орналастырған коммерциялық немесе коммерциялық емес сипаттағы кез келген ақпараттың сілтемесі MyCar тарапынан мақұлданды және (немесе) ұсынылмайды. Егер Пайдаланушы орналастырылған сілтемелер бойынша сайттарға, қолданбаларға, ресурстарға, өнімдерге, үшінші тұлғалардың қызметтеріне өтуді шешсе, онда бұл үшін тәуекелді өзі көтереді.

- 5.11.** Кез келген үшінші тұлғаның іс-әрекеттері, сондай-ақ төлем жүйелерінің, байланыс операторларының іс-әрекеттері MyCar іс-әрекеті емес және олар үшін MyCar жауапты болмайды.
- 5.12.** Мобильді қолданбаны, оған берілген сілтемелерді MyCar көздерінде (контрафактілік қолданбада) кез келген рұқсат етілмеген (расталмаған) орналастыру әрекеті үшін MyCar жауапты емес. Пайдаланушы контрафактілік қолданбаны пайдаланған жағдайда, MyCar оның алдында осындай пайдалануға байланысты ешқандай жауапкершілік көтермейді.
- 5.13.** MyCar заңнамаға, Құпиялылық саясатына, сондай-ақ осы Пайдаланушы келісімінде көзделген мақсаттарға сәйкес Пайдаланушының дербес деректерін адал және заңды өңдеуге кепілдік береді.
- 5.14.** Пайдаланушы жаңартылған деректерді берген кезде MyCar жаңартылған деректерді Пайдаланушы деректерін дер кезінде жаңартуға кепілдік береді.
- 5.15.** Сайт сервистерін және (немесе) Мобильді қолданбаны пайдалануға байланысты туындаған қателер немесе ақаулықтар туралы Пайдаланушы MyCar қолдау қызметіне телефон арқылы хабарлауға құқылы. 2525 немесе [support@mycar.kz](mailto:support@mycar.kz) поштасы арқылы.
- 5.16.** Тіркеле отырып және Сайтты/Мобильді қолданбаны, сондай-ақ Сайтта/Мобильді қолданбада орналастырылған ақпаратты пайдалана отырып, Пайдаланушы келісімінің шарттарын Пайдаланушы қабылдайды және MyCar Пайдаланушыға Сайтта хабарландыруды орналастыру мүмкіндігін ғана беретіндігімен келіседі, бұл ретте MyCar Пайдаланушының хабарландыруының мазмұны үшін ешқандай жауапкершілік алмайды және Пайдаланушы үшінші тұлғалардың алдында олардың авторлық, зияткерлік құқықтарын және басқа да құқықтарын бұзғаны үшін, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес тиісті емес деп танылған жарнамаларды орналастырғаны үшін өзі жауапты болады.
- 5.17.** Пайдаланушы сайтқа Хабарландыруды жүктемей тұрып хабарландырудың мазмұнын оның ҚР Заңнамасына сәйкестігін жеке өзі тексеруге міндеттенеді.
- 5.18.** Егер MyCar компаниясына Пайдаланушыны Хабарландырудың мазмұны үшінші тұлғалардың және/немесе MyCar құқықтарын бұзатыны немесе Пайдаланушы келісімін және/немесе заңнаманы бұзатыны белгілі болса, MyCar Пайдаланушының аккаунтын блоктауға, Пайдаланушыға хабарландыруды жүктеу рұқсатын тоқтатуға, Пайдаланушының хабарландыруын және/немесе хабарландыруға жасалған кез келген түсініктемелерді жоюға және т.б. құқылы.
- 5.19.** Үшінші тұлғалардан олардың авторлық, зияткерлік немесе өзге де құқықтарын бұзуға қатысты, соның ішінде Сатушы/Серіктес/Премиум серіктес Сайтта/Мобильді қолданбада Хабарландыруды орналастырған кезде жіберілген қателіктері үшін шағымдар түскен жағдайда MyCar осы бұзушылықтарға қатысты дереу әрекет етуге және тиісті хабарландыруларды шұғыл түрде жоюға міндеттенеді.
- 5.20.** MyCar компаниясына Сатушы/Серіктес/Премиум серіктес Сайтта/Мобильді қолданбада орналастырған Пайдаланушының Хабарландыруына байланысты талап-арыздар, шағымдар түскен жағдайда, соңғысы MyCar компаниясына келтірілген барлық шығындарды өтеуге, сондай-ақ шағымдар мен дауларды реттеуге бағытталған барлық шараларды қолдануға міндеттенеді.
- 5.21.** Егер Аккаунт осы Пайдаланушы келісімінің 1-бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін Пайдаланушы атына тіркелгені анықталатын болса, мұндай Пайдаланушының аккаунты дереу жойылады, ал мұндай Пайдаланушыны тіркеу кезінде пайдаланылған телефон нөміріне басқа Аккаунттарды тіркеуге жол берілмейді.
